

"Кең дала" және "Көктем" шағынаудандарындағы жаңа көшелерге атаулар тағайындау туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 27 мамырдағы N 8-8 шешімі және Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 22 мамырдағы N 1286 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 12 маусымда N 7-1-95 тіркелді

Батыс Қазақстан әділет Департаментінің 2008 жылғы 6 наурыздағы N 4-1323 Заңды бұзушылықты жою туралы ұсынысын қарап және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6, 7, 31 бабтарын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабын, Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 38 бабын басшылыққа алып, Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** және Орал қалалық әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. "Кең дала" және "Көктем" шағынаудандарындағы жаңа көшелерге атаулар қосымшаға сәйкес тағайындалсын.

2. Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 13 маусымдағы N 46-23 және Орал қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 9 қарашадағы N 2157 бірлескен шешімі мен қаулысы ж о й ы л с ы н .

3. Осы шешім мен қаулы оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2007 жылғы 13 маусымнан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Орал қалалық мәслихатының кезектен тыс 8-ші сессиясының төрайымы

Орал қалалық мәслихаты

хатшысының міндетін атқарушы

Орал қалалық мәслихатының
2008 жылғы 27 мамырдағы N 8-8
және Орал қалалық әкімдігінің
2008 жылғы 22 мамырдағы N 1286
"Кең дала" және "Көктем" шағынаудандарындағы
жаңа көшелерге атаулар тағайындау туралы"
бірлескен шешімі мен қаулысына
қосымша

1. Жаңа көшелер (қоса берілген сұлбаға сәйкес):

1) Алпамыс батыр көшесі;

2) Қамбар батыр көшесі;

3) Ақан сері көшесі;

4) Құлагер көшесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ